

Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 207 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 25 сәуірде № 10801 тіркелді.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 201-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден кейінгі он құнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

_____ Б. Имашев

2015 жылғы "___" ____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрі

_____ Э. Исекешев

2015 жылғы "___" ____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт

министрі

_____ А. Мұхамедиұлы

2015 жылғы "___" ____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі

есеп комитетінің төрағасы

_____ (Қ.Жаңбыршин) И.П.Ақомбаев

2015 жылғы "___" ____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 16 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 11 ақпан

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 26 наурыздағы

№ 207 бүйрекімен бекітілген

Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

1. Осы Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 201-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мұліктің тізілімін (бұдан әрі – тізілім) жүргізу тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2. Мемлекеттік мұлікті тізілімде есепке алу тіркеу және ақпараттық мақсаттарды жүзеге асыруға арналған және оның құқық белгілеу немесе құқық куәландыру мәні жоқ

3. Тізілім деректері мемлекетке тиесілі.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудандық уәкілетті орган - аудандық коммуналдық мұлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

2) бұйрық - тізілімде тіркелетін және тізілім бөлімдерінде есепке алу объектілері бойынша деректерді өзгертуге бағытталған іс-қимыл;

3) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мұлікті қоспағанда, республикалық мұлікті басқару, мемлекеттің республикалық мұлікке құқығын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерді жекешелендіру мен мемлекеттік мониторинг жүргізу саласындағы басшылықты өз құзыretі шегінде жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі);

4) облыстық уәкілетті орган - облыстық коммуналдық мұлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

5) орындаушы - мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың (бұдан әрі - Бірыңғай оператор), тиісті саланың уәкілетті органының (республикалық меншік бойынша) немесе облыстық (аудандық) уәкілетті органның және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ (коммуналдық меншік бойынша) әкім аппаратының, тізілімдегі бұйрықтардың орындалуын жүзеге асыратын қызметкері;

6) тізілімнің веб-порталы – www.e-Qazyna.kz электрондық мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан, тізілім деректеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін интернет-ресурс;

7) тіркеуші - мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы Бірыңғай оператордың, тиісті саланың уәкілетті органының (республикалық меншік бойынша) немесе облыстық (аудандық) уәкілетті органның және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ (коммуналдық меншік бойынша) әкім аппаратының тізілімде бұйрықтарды тіркеу құқығы берілген уәкілетті тұлғасы;

8) ұйымдар - жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Тізілімді жүргізу тәртібі. Тізілімде мемлекеттік мұлікті есепке алууды ұйымдастыру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тізілімде мемлекеттік мұліктің түрлері бойынша республикалық және коммуналдық мұліктің бөлек есебі, ал жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері бойынша - Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мұлікті және мемлекеттік материалдық резервті қоспағанда, облыстық және аудандық коммуналдық мұліктің, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудағы коммуналдық мұліктің бөлек есебі жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тізілімнің есепке алу объектілері (бұдан әрі - есепке алу объектілері) мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік заңды тұлғалар мен оларға бекітіліп берілген мұлік;
- 2) жер пайдаланудағы жер участкелері;
- 3) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері;
- 4) мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері;
- 5) мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілері;
- 6) мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын өлшемді және өзен кемелері;
- 7) мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдары және ауыл шаруашылығындағы көлік құралдары;
- 8) мемлекеттік заңды тұлғалар мен ұйымдарға берілген лицензиялар мен рұқсаттар;
- 9) мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген табиғи ресурстар кадастрларының объектілері;
- 10) мемлекеттік мұлік бойынша уәкілетті органның заңды тұлғалар тізіміне сәйкес, заңды тұлғалардың банкроттығы туралы іс қозғау жөніндегі шешімдер (шешімдердің көшірмесі) бойынша және заңды күшіне енген, жекелеген негіздер бойынша мұлікті мемлекеттің кірісіне айналдыруды көздейтін соттардың шешімдері (үкімдері, қаулылары) туралы мәліметтер;
- 11) мемлекетке тиесілі ақпараттандыру объектілері.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.02.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Есепке алу объектілері мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілетін және бекітіліп берілмейтін болып бөлінеді.

Бекітіліп берілмейтін есепке алу объектілеріне: жер пайдаланудағы жер участелері, мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері, мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері жатады.

Бекітіліп берілетін есепке алу объектілеріне мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлік - негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті, биологиялық активтерді, материалдық емес активтерді, аяқталмаған құрылышты қамтитын ұзақ мерзімді активтер мен сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер жатады.

8. Тізілімде мемлекеттік мүлікті бірыңғай орталықтандырылған есепке алушы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бекітілетін есепке алу объектілерін тізілімде есепке алушы:

1) респубикалық мүлік бойынша - мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган;

2) облыстық коммуналдық мүлік бойынша - облыстық уәкілетті орган;

3) аудандық коммуналдық мүлік бойынша - аудандық уәкілетті орган;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақша халық саны екі мыңдан астам адаммен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 бастап, халық саны екі мың және одан аз адаммен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 бұйрығымен.

4) жергілікті өзін-өзі басқару мүлкі бойынша-аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты үйімдастырады.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саладағы уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде респубикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, сондай-ақ шетелдегі жылжымайтын мүлік объектілерін есепке алушы үйімдастырады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (қолданысқа енгізу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органдар тізілімге есепке алу объектілері туралы мәліметтерді ұсынады және (немесе) есепке алу объектілері бойынша тізіліммен интеграциялау үшін ведомстволық ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті үйімдастырады, атап айтқанда:

1) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің тұсуін қамтамасыз ету саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты;

2) жылжымайтын мулікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты;

3) жер қатынастары саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – жер пайдаланудағы жер участкерлеріне қатысты;

4) облыстық уәкілдік орган – облыстық коммуналдық мүлікке жатқызылған акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне қатысты;

5) аудандық уәкілдік орган – аудандық коммуналдық мүлікке жатқызылған акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне қатысты;

6) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілеріне қатысты;

7) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне қатысты;

8) көлік және коммуникация саласында басшылық етуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын өлшемді және өзен кемелеріне қатысты;

9) жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында өз құзыretі шегінде басшылық етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдарына қатысты;

10) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында қызметті реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғалардың және ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігіне қатысты;

11) байланыс, ақпараттандыру, "электрондық үкімет", ақпарат және мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту салаларында басшылық етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – мемлекеттік занды тұлғалар мен ұйымдарға берілген лицензияларға және рұқсаттарға қатысты;

12) агрономикалық кешен, су, балық, орман және аңшылық шаруашылығы, жер ресурстары, геодезия және картография саласында басшылық етуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте өзінің құзыretіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган –

мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген ауыл шаруашылығындағы көлік құралдарына қатысты;

13) қоршаған ортаны қорғау, "жасыл экономиканы" дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (коммуналдық, медициналық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғат ресурстарын қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында басқару процестерін үйлестіру, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласын басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары – мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген табиғи ресурстар кадастрының (орман кадастры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) объектілеріне қатысты;

14) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстардағы, астана мен республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері (сottар әкімшілері) бар жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – занды тұлғалардың банкроттығы туралы іс қозғау жөніндегі шешімдерге (шешімдердің көшірмесі) қатысты және занды күшіне енген, жекелеген негіздер бойынша мүлікті мемлекеттің кірісіне айналдыруды көздейтін соттардың шешімдері (үкімдері, қаулылары) туралы;

15) мемлекетке тиесілі ақпараттандыру объектілерінің иелері болып табылатын мемлекеттік органдар.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 27.02.2024 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) тізілімде мемлекеттік мүліктің бірыңғай есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады;

2) тізілімді жүргізеді және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тізілімді пайдаланушыларға ақпарат береді;

3) тізілімнің қосымша кіші бөлімінің қосымша мәліметтерінің құрамын қалыптастырады;

4) тізілімнің жұмыс істеуін қолдаумен байланысты ұйымдастырушылық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

3-тарау. Тізілім деректерінің құрылымы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

11. Тізілім мынадай екі кіші бөлімнен тұрады: негізгі және қосымша.

Тізілімде мемлекетке тиесілі ақпараттандыру обьектілері бойынша есепке алу, бағдарламалық қамтамасыз етуге, интернет-ресурстарға және электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты жүзеге асырылады.

Ақпараттандыру обьектілерінің иелері тізілімге енгізу үшін бірыңғай операторға мыналарды береді:

мемлекеттің мұліктік құқықтарын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелері (оның ішінде интернет-ресурстардың домендік атауына) және бағдарламалық қамтамасыз ету мен интернет-ресурстарға қатысты бухгалтерлік баланс баптарының толық жазылуы;

алынбалы тасығыштағы электрондық ақпараттық ресурстың резервтік көшірмелері.

Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмесін жаңарту мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің тізіліммен интеграциялық өзара іс-қимылы арқылы күн сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 29.05.2024 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

12. Негізгі кіші бөлім:

мемлекеттік заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің, сондай-ақ ұйымдарының атаулы тізбесін;

мемлекеттік заңды тұлғалардың мұлкіне қатысты меншік құқығы мен ұйымдардың мемлекетке тиесілі акцияларына және/немесе қатысу үлестеріне билік ету құқығы субъектісінің құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган туралы мәліметтерді;

ұйымды және/немесе мемлекеттік заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган туралы мәліметтерді қамтиды.

13. Есепке алу обьектісі бойынша тізілімнің қосымша кіші бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) есепке алу обьектісінің, оны басқа обьектілерден ажыратуға мүмкіндік беретін жеке сипаттамаларын көрсете отырып, сипаттамасы;

2) Заңның 72-бабына сәйкес шартқа сәйкес есепке алу обьектісінің белгілі бір мемлекеттік заңды тұлғаға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаға немесе мемлекеттік емес тұлғаға тиесілі екендігі немесе бекітіліп берілгені туралы мәліметтер;

3) есепке алу обьектісінің теңгерімдік құны;

4) есепке алу обьектісіне үшінші тұлғалардың құқықтарымен салынған ауыртпалықтардың болуы туралы мәліметтер мен ауыртпалықтар түрі;

5) есепке алу объектісінің күтіп ұсталуына не сақталуына жауапты тұлғалардың деректемелері;

6) есепке алу объектісіне құқықтардың туындауына және тоқтатылуына негіздемелер, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік мүлікке құқықтарды тіркеу міндетті болған жағдайда - есепке алу объектісінің және (немесе) оған құқықтардың мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер.

14. Қосымша кіші бөлімде мемлекеттік міндеттерді шешу үшін қажетті әр түрлі серпінді көрсеткіштер қамтылады:

1) мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне бекітіліп берілген мемлекеттік мүлік туралы мәліметтер;

2) бекітіліп берілмейтін есепке алу объектілері туралы мәліметтер;

3) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарлары, даму жоспарлары, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау және олардың орындалуы туралы есептер;

4) квазимемлекеттік сектор субъектілері, оларды жекешелендіру және иеліктен шығару, сондай-ақ қеңістіктік (географиялық) деректер туралы мәліметтер;

5) мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындарды және мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды басқару тиімділігінің мониторинг нәтижелері;

6) мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау бойынша, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардың үй-жай аландарға қажеттігі туралы, мемлекеттік заңды тұлғалар орналасып отырған ғимараттардың немесе үй-жайлардың аландары, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғаларды автомобилдермен қамтамасыз ету бойынша ақпарат;

7) мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру үшін ұсынылатын есепке алынатын объектілер туралы мәліметтер;

8) жасалған мүліктік жалдау (жалға алу) және сенімгерлік басқару шарттары бойынша, атап айтқанда шарттың талаптары, осындашынан шарт бойынша есептеулер, өсімпұл және бюджетке аударылған төлемдер бойынша мәліметтер;

9) мемлекеттік меншік объектілерін сауда-саттыққа қою кестесіне енгізілген мемлекеттік мүлік туралы ақпарат пен материалдар;

10) жасалған концессия шарттары және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мәліметтер;

11) республикалық және коммуналдық мүлікке жататын мүлікке құқықты мемлекеттің алуды бойынша жасалған сыйға тарту шарттары жөнінде мәліметтер;

12) мемлекеттік тұрғын үй қорының объектілерін жасалған жалға алу шарттары жөнінде мәліметтер;

13) Ресей Федерациясына мұліктік жалдауға (жалға алуға) берілген "Байқоныр" кешеніндегі Қазақстан Республикасының мұлкі бойынша мәліметтер;

14) жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мұлік құрамына түсken мұлік бойынша мәліметтер (дереу жоюға немесе сатуға жататын мұлікті қоспағанда);

15) кәсіпкерлік ортада мемлекеттің қатысуы орындылығын анықтау мақсатында үйымдар және мемлекеттік кәсіпорындар бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері туралы мәліметтер;

15-1) мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар бөлінісінде сыртқы және ішкі қарыз алу құрылымы туралы мәліметтер;

16) мемлекеттік заңды тұлғалар мен үйымдардың жылдық қаржылық есептілігі;

17) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру шарттары жөнінде мәліметтер;

18) аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу шарттары жөнінде мәліметтер

;

19) бастапқы су пайдалану жасалған шарттар жөнінде мәліметтер;

20) жер пайдалану шарттары жөнінде мәліметтер.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - КР Қаржы министрінің 29.05.2024 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Тізілімнің деректерін өзгерту

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мынадай бұйрықтар тізілімде тіркелуге жатады:

- 1) есепке алу объектісі туралы деректерді тізілімге енгізу;
- 2) есепке алу объектісі туралы деректерді өзекті ету;
- 3) есепке алу объектісін тізілімнен алып тастау.

16. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Заңның 200-бабы 3-тармағына сәйкес ведомстволық ақпараттық жүйелерден есепке алу объектілері туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді және (немесе) ведомстволық ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті үйымдастырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тізілімнің мәліметтерін өзекті етуді Бірыңғай оператор тізілімде есепке алу объектілері туралы объективті және тиісті ақпаратты көрсетуге мүмкіндік беретін жаңарту, толықтыру, өзгерту және өзге де іс-қимылдар жолымен бұйрықтарды енгізу (тіркеу) және орындау арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Кәсіпкерлік ортада мемлекеттің қатысуы орындылығын анықтау мақсатында бәсекелестіктің тауар нарықтарындағы жай-күйін талдау нәтижелері бойынша тізілім мәліметтерін өзектендіруді монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 90-6 бабы 27)- тармақшасына сәйкес оның ақпараты негізінде жүргізеді.

Ұйымдар, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша тізілім автоматты түрде қалыптастырылады, оларға мынадай:

- 1) мемлекеттік меншікте тұрақты/уақытша сақтау;
- 2) тарату;
- 3) кайта ұйымдастыру;
- 4) жекешелендіру;
- 5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі мәртебелерін бере отырып жүргізеді.

Ескерту. 4-тaraу 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.05.2024 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Есепке алу объектісі оған мемлекет құқығының тоқтатылуына байланысты тізілімнен алынып тасталған кезде бұл объектіні қадағалау тоқтатылады. Тізілімнің есепке алу объектісін бір мемлекеттік органның басқаруынан екіншісіне беру, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың иеленуіне және (немесе) пайдалануына беру есепке алу объектісін тізілімнен алып тастауға негіз болып табылмайды.

Тізілімнен алынып тасталған есепке алу объектілері туралы деректер тізілім деректері базасының мұрагатына көшіріледі.

23. Мемлекеттік заңды тұлғалар "Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізу пішімін, сондай-ақ бірдей мерзімдерде мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізу дің бірынғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7375 тіркелді) сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгерімінде бекітілген мүлікке жүргізілген түгендеу нәтижелерінің тізілімге енгізілуін қамтамасыз етеді.

24. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Мемлекеттік заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ ұйымдарды тіркеу, қайта ұйымдастыру (қайта құру, біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шыгару), тарату, қайта тіркеу үшін:

мемлекеттік заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, сондай-ақ ұйымдар "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндеттін атқарушы 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20771 болып тіркелді) көзделген нысан бойынша толтырылған және уәкілетті адам қол қойған өтініштің бланкісін Бірынғай операторға береді;

бірынғай оператор өтінішті алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініште көрсетілген мемлекеттік заңды тұлға немесе ұйым бойынша тізілімде қамтылған ақпаратты тексереді, қажетті өзгерістер мен толықтыруларды тізілімге енгізеді және өтініштің бланкісіне тиісті белгіні қояды;

мемлекеттік заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, сондай-ақ ұйымдар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - тіркеуші орган) бірынғай оператордың белгісі бар өтінішті береді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Ұйымның жарғылық капиталының мөлшері өзгерген кезде тіркеуші органға осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген тәртіппен бірыңғай оператор растаған өтініш беріледі.

27. Тіркеуші орган тізілімге өзгерістер енгізу үшін жүргізілген мемлекеттік заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы не тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартқаны туралы бірыңғай операторға бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

28. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздармен мәмілелерін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде тіркеу үшін мемлекеттік мұлікті басқару бойынша уәкілетті органның, облыстық уәкілетті органның, аудандық уәкілетті органның бағалы қағаздарымен мәмілесін тіркеу үшін бұйрығы бірыңғай оператордың белгісімен беріледі.

Бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай оператор болып айқындалған, өзгерістер мен толықтыруларды тізілімге енгізу үшін, келесі мәліметтерін:

бағалы қағаздар эмитентінің атауы мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі;

бағалы қағаздарды ұстаушылардың атауы мен БСН;

мәмілені тіркеу күні мен уақыты;

мәмілені тіркеуге дейін және соң бағалы қағаздардың саны көрсетумен, мемлекетке тиесілі бағалы қағаздармен мәмілелерін тіркеуден бас тарту не тіркеудің қорытындылары туралы бірыңғай операторды екі жұмыс ішінде хабарландырылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Мемлекеттік мұлікті сатып алу-сату, кепілге немесе сенімгерлік басқаруға беру шарттарының бір тарапы болып табылатын мемлекеттік орган мәмілені тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін шартты жасасу туралы бірыңғай операторға хабарлайды және тиісті шартта бірыңғай оператордың белгісі қойылады.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген шарт бұзылған жағдайда, шарттың бір тарапы болып табылатын мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін бірыңғай операторға шарттың бұзылғандығы туралы хабарлайды.

31. Орталық атқарушы орган құзыretі шегінде банкроттық рәсімдердің жүргізілуін бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетакы қорларын қоспағанда) саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік заңды тұлғалар, ұйымдар таратылған жағдайда, тарату туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды.

5-тарау. Тізілімге қолжетімділік

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 28.10.2020 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Тізілімді жүргізу тізілімді басқаруды оңтайландыруға және деректердің сенімділігі мен сақталуын қамтамасыз ететін ақпаратқа қолжетімділікті әкімшілендіруге мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендер негізінде ақпаратты жинаудың, өндеудің және сақтаудың электрондық жүйе қуралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

33. Тізілім деректеріне қолжетімділік Бірыңғай оператор тізілімнің веб-порталы арқылы қамтамасыз етіледі.

34. Тізілім веб- порталына қолжетімділік деңгейі бойынша пайдаланушылар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) жеке және заңды тұлғалар;
- 2) мемлекеттік заңды тұлғалар;
- 3) тиісті саланың уәкілетті органдары;
- 4) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган;
- 5) респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;
- 6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган;
- 7) облыстық уәкілетті орган және облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;
- 8) аудандық уәкілетті орган және аудандық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;
- 9) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердегі қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыруға және коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруға өкілділік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар;
- 10) монополияға қарсы орган және оның аумақтық бөлімшелері.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 29.05.2024 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Тізілім деректеріне қолжетімділікті беру үшін:

1) осы Қағидалардың 34-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген пайдаланушылардың ұлттық қуәландыруышы орталық берген ЭЦК-лары болуға тиіс;

2) тиісті саланың үәкілетті органы, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі үәкілетті орган, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі үәкілетті орган, облыстық (аудандық) үәкілетті орган және облыстық (аудандық) бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жыл сайын бірыңғай операторға тізілімге қолжетімділік беру үшін өз қызметкерлерінің өзекті етілген тізімін жолдайды.

Ескеरту. 35-тармакқа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Жеке және заңды тұлғалар үшін тізілімнің веб-порталында мынадай функцияларға:

1) ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғалар мен оларға бекітіліп берілген жылжымайтын мүлік бойынша мәліметтерді қарау;

2) тізілім бойынша құқықтық және анықтамалық ақпаратпен танысу;

3) мемлекеттік меншік объектілерінің сауда-саттыққа қойылу кестесіне енгізілген мемлекеттік мүлік туралы ақпаратты, оның ішінде "Acrobat Reader" электрондық форматында мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі есептерді, сондай-ақ баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын мемлекеттік мүлікті жекешелендіру бойынша алдағы сауда-саттық туралы ақпараттық хабарламаларды қарау;

4) мемлекеттік мүлікті жалға алушылардың, сенімгерлік басқарушылардың олармен жасалған жалға алу және сенімгерлік басқару шарттары бойынша, атап айтқанда шарттың талаптары, осы шарт бойынша есептеулер, өсімпұлдар мен бюджетке аударылған төлемдер жөніндегі ақпаратты қарауы;

5) кәсіпкерлік ортада мемлекеттің қатысуы орындылығын анықтау мақсатында ұйымдар және мемлекеттік кәсіпорындар бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері туралы мәліметтерді қарау;

6) мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін түгендеу бойынша ақпаратты қарау;

7) ұйымдардың және мемлекеттік кәсіпорындардың іс-шаралар жоспарлары мен даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарау қолжетімді.

Ескерту. 36-тармак жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 07.06.2019 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

37. Мемлекеттік занды тұлғалар үшін тізілімде осы мемлекеттік занды тұлғага қатысты мынадай функцияларға:

1) мыналарға:

байланыс деректерін өзгертуге;

2) мулікпен жасалатын мәмілені жүргізуге арналған бұйрықтарды тіркеу;

тіркелген бұйрықтың мәртебесін қарau:

бұйрықтың тіркелген уақыты мен күні;

тіркелген бұйрықтың орындалу уақыты мен күні;

бұйрықтың орындалу нәтижесі қолжетімді.

38. Тиісті саланың уәкілетті органы үшін тізілімде мынадай функциялар:

1) тиісті саланың уәкілетті органы басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелерін және олар бойынша тізілімнің қосымша кіші бөліміне енгізілген ақпаратты қарau;

2) тиісті саланың уәкілетті органы басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік занды тұлғалардың мүлкі бойынша тізілімде сақталған және орындалған бұйрықтарды қарau;

3) басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалар бойынша есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

39. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган үшін тізілімде мынадай функцияларға:

1) коммуналдық және республикалық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелері мен олар бойынша мәліметтерді қарau;

2) республикалық және коммуналдық мүлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

40. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган үшін тізілімде мынадай функцияларға:

1) коммуналдық және республикалық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелері мен олар бойынша мәліметтерді қарau;

2) республикалық және коммуналдық мүлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

41. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган үшін тізілімде мынадай функцияларға:

1) республикалық және коммуналдық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелерін қарau;

2) тізілімнің қосымша кіші бөліміне республикалық меншікке жатқызылған ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) республикалық меншікке жатқызылған мемлекеттік занды тұлғалардың мүлкімен мәмілелер жүргізуге арналған бұйрықтарды орындау;

4) респубикалық меншіктегі мемлекеттік мұлік жөніндегі талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

42. Облыстық уәкілетті орган үшін тізілімде мынадай функцияларға:

1) облыстық коммуналдық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбелерін қарау;

2) облыстық коммуналдық меншікке жатқызылған ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар бойынша өзгерістер мен толықтыруларды тізілімнің қосымша кіші бөліміне енгізу;

3) облыстық коммуналдық мұлікке жатқызылған мемлекеттік заңды тұлғалардың мұлкімен мәмілелер жүргізуге арналған бұйрықтардың орындалуы;

4) облыстық коммуналдық мұлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

43. Аудандық уәкілетті орган үшін тізілімде мынадай функцияларға:

1) аудандық коммуналдық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбелерін қарау;

2) аудандық коммуналдық меншікке жатқызылған ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар бойынша өзгерістер мен толықтыруларды тізілімнің қосымша кіші бөліміне енгізу;

3) аудандық коммуналдық мұлікке жатқызылған мемлекеттік заңды тұлғалардың мұлкімен мәмілелер жүргізуге арналған бұйрықтардың орындалуы;

4) аудандық коммуналдық мұлікке жатқызылған мемлекеттік мұлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру қолжетімді.

44. Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыруға және коммуналдық заңды тұлғаларды басқаруға өкілеттілік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін тізілімде мынадай функциялар қолжетімді:

1) басқаруды жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбелерін және олар бойынша тізілімнің қосымша кіші бөліміне енгізілген ақпаратты қарау;

2) басқаруды жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғалардың мұлкі бойынша тізілімде сақталған және орындалған бұйрықтарды қарау;

3) басқаруды жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар бойынша есептілікті қалыптастыру.

РҚАО-ның ескертпесі!

44-1-тармақтың бірінші абзацы, 1), 2) тармақшалары халық саны екі мыңдан астам адаммен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін

01.01.2018 бастап, халық саны екі мың және одан аз адаммен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – КР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 бұйрығымен.

44-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты үшін тізілімде мынадай функциялар қолжетімді:

1) басқаруды аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелерін және олар бойынша тізілімнің қосымша кіші бөліміне енгізілген ақпаратты қарау;

2) басқаруды аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асыратын мемлекеттік занды тұлғалардың мүлкі бойынша тізілімде сақталған және орындалған бұйрықтарды қарау;

3) басқаруды аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асыратын ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалар бойынша есептілікті қалыптастыру.

Ескерту. 5-тaraу 44-1-tarмақpen толықтырылды – КР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

44-2. Облыстық немесе аудандық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган үшін тізілімде мынадай функциялар қолжетімді:

1) облыстық немесе аудандық коммуналдық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелері мен олар бойынша мәліметтерді қарау;

2) облыстық немесе аудандық деңгейдегі коммуналдық мүлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру.

Ескерту. 5-тaraу 44-2-tarмақpen толықтырылды – КР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44-3. Монополияға қарсы орган мен оның аумактық бөлімшелері үшін тізілімде мынадай функциялар қолжетімді:

1) коммуналдық және респубикалық меншіктегі ұйымдар мен мемлекеттік занды тұлғалардың тізбелерін және олар бойынша мәліметтерді қарау;

2) респубикалық және коммуналдық мүлік бойынша талдамалық және статистикалық есептілікті қалыптастыру.

Ескерту. 5-тaraу 44-3-tarмақpen толықтырылды - КР Қаржы министрінің 29.05.2024 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Тізілімге қолжетімділік тәулік бойындағы режимде қамтамасыз етіледі.

46. Бірыңғай оператор осындағы ақпаратты тізілімнің веб-порталында орналастыра отырып, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органды тізілімнің жұмысында жоспарланып отырған техникалық үзілістер туралы бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

47. Тиісті салалардың уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бірынғай оператордың жазбаша сұрау салуы бойынша тізілімнің негізгі және қосымша кіші бөлімдерінің көрсеткіштерін өзекті ету және нақтылау үшін сұрау салынған деректерді өтеусіз береді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.09.2017 № 548 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Республикалық меншікті есепке алуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

49. Коммуналдық меншікті есепке алумен, қолдаумен және тізілімге қолжетімділікті қамтамасыз етумен байланысты жұмыстарды қаржыландыруды жергілікті бюджет қаражаты есебінен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК